


Фольклор және Ауызша Тарих
саласында Сұхбат алу жөніндегі
Смитсондық Нұсқаулық



Smithsonian Institution

Фольклор және Ауызша Тарих
саласында Сұхбат алу жөніндегі
Смитсондық Нұсқаулық

**Фольклор және Ауызша Тарих
саласында Сұхбат алу жөніндегі
Смитсондық Нұсқаулық**

Марджори Хант

Халықтық және мәдени мұраның
Смитсон институт орталығы
600 Maryland Avenue SW, Suite 2001
Washington, DC 20024 – 2520
(600 Мэриленд Авеню SW, 2001 кабинет
Вашингтон, Колумбия өңірі 20024 - 2520)

© 2016 Смитсон институты
Қайта қаралған басылым
ISBN 0-9665520-2-4



Халықтық және Мәдени мұраның Смитсон Орталығы

folklife.si.edu

КІРІСПЕ

7

СҰХБАТ

11

КЕЙБІР БОЛЖАЛДЫ СҰРАҚТАР

21

ӨЗІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНЫСТЫРУ

29

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕРДІҢ ГЛОССАРИЙІ

41

КӨБІРЕК БІЛУ

Іріктелген библиографиялық және интернет-ресурстар

45

НЫСАН ҮЛГІЛЕРІ

Сұхбат шығару нысаны

Сұхбаттың ақпараттық нысаны

Дыбыстық/бейне-жазбалар бойынша тізімдеме

Фотосуреттер бойынша тізімдеме

Мәдениет маркерлерімен жаттығу

49

АЛҒЫС БІЛДІРУ ЖӘНЕ ҚҰРМЕТТЕУ

65

Kipicne

ҚҰНДЫ МҰРА
ОТБАСЫЛЫҚ ФОЛЬКЛОР МЕН
ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ДӘСТҮРІН ҚҰЖАТТАУ

«Әңгімелер мен өткенді еске түсіру арқылы өзіңді тану,
тығыз байланыстар, намыс және адамдардың белгілі бір
жер мен өздеріне деген құштарлықтары арта түседі».

- Том Ранкин, фольклоршы

«[Дәстүрлерді
жалғастырушылар]
тарихи тізбектердегі көзі
тірі байланыстырушы
буын, тарихтың көзі
тірі куәгерлері, жанды
әрі ерекше өмір салтын
қалыптастырушылар.
Олардың әрбірі жергілікті
тарих пен мәдениетті
зерттеуге қосатын
айқындылығы мен
растығы тұрғысынан
алғанда бірегей болып
табылады».

- Барбара Киршенблатт-
Джимблетт, фольклоршы

Біз, Фольклор және Ауызша Тарих саласында Сұхбат алу жөніндегі Смитсон Нұсқаулығы отбасыңыз бен қоғамдастықтың мүшелеріне тарих, мәдениет және дәстүрдің негізгі дереккөздері ретінде қарауыңызды шабыттандырады деп үміттенеміз. Дегенмен, неден бастау керек? Аталған кітапшада отбасы және қоғамдастық мүшелерінен фольклор мен ауызша тарих жинау үшін Смитсондық фольклоршылардың бірнеше жыл бойы әзірлеген нұсқаулықтары ұсынылған. Ол сұхбат өткізу бойынша жалпы нұсқаулық, сондай-ақ Сіздің қажеттіліктеріңіз бен жағдайыңызға қарай бейімделе алатын сұрақтар тізбегінің үлгісі болып табылады. Кітапша нәтижелеріңізді сақтау және оларды таныстырудың бірнеше мысалдарын, негізгі терминдердің глоссарийін және сұхбат пен ақпараттық нысан шығару нысандарының үлгілерін қамтиды.

Әрбір қоғамдастықта – отбасыларда, жұмыс орындарында, ауданда, мектептерде – өздері бөлісе алатын білім мен машыққа ие және көп жағдайда ол білімдері мен машықтары көптеген жылдық тәжірибенің нәтижесі ұрпақтан ұрпаққа беріліп, сақталған адамдар бар. Қоғамдастық өмірінің белсенді қатысушылары бола отырып, ондай дәстүрлерді жалғастырушылар мәдениет пен тарихтың бастапқы дереккөзі болып табылады. Фольклоршы Барбара Киршенблатт-Джимблетт жазғанындай, олар: «тарихи тізбектердегі көзі тірі байланыстырушы буын, тарихтың көзі тірі куәгерлері, жанды әрі ерекше өмір салтын қалыптастырушылар. Олардың әрбірі жергілікті тарих пен мәдениетті зерттеуге қосатын айқындылығы мен растығы тұрғысынан алғанда бірегей болып табылады».

Олардың естеліктері мен әңгімелерін құжатқа түсірген кезде өткен шақтағы уақыт осы шақта адамдардың, жерлер мен оқиғалардың кейіптерімен ғұмырларын жалғастыра түскендей болады. Өткен шақты қазбалай отырып бүгінгі таңдағы күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі болып табылатын кәсіптеріміз бен машықтарымыз, кулинария, мейрамдар, әдет-ғұрыптар, музыка салаларындағы өміршең дәстүрлерді тани түсеміз. Осы әңгімелер, естеліктер мен дәстүрлер қоғамдастықтың тәжірибесі мен құндылықтарының керемет көрінісі. Олар бізді өткенмен кездестіріп, осы шақта ұстап, өзімізді және түп-тамырымызды, белгілі бір топқа жататынымызды, мақсаттарымызды тану сезімін бере отырып үлкен бір белеспен байланыстырады.



Розина Таккер 1881 жылы Колумбия өңірі, Вашингтонда дүниеге келген, ол қара нәсілділердің Жалғастырушылар бауырластығы – деп аталатын бірінші кәсіподағын ұйымдастыруға қол ұшын созды. Оның отбасы, көршілері және оның шіркеу қоғамдастығының мүшелері үшін Таккер ханым білім, даналық және жергілікті тарихтың құнды дереккөзі болып табылатын. Пол Вагнердің фотосы.

«Бір күні жас жігіт маған мынадай сұрақ қойды: «Сіздің уақытыңызда қалай еді?» «Менің уақытымда?» -деп жауап қаттым. «Бүгін, ол менің уақытым!»
- Розина Таккер, Вашингтон, Колумбия өңірі

ДӘСТҮРЛЕРДІ ЖАЛҒАСТЫРУШЫЛАР:

Өзі бөлісе алатын білімге, машықтар мен тәжірибеге ие кез-келген адам, тіпті ол жас немесе егде тартқан болса да дәстүрлерді жалғастырушы бола алады: мысалы, ойын алаңында мектеп оқушыларымен бөлісе алатын қол шапалақтау ойынын білетін үшінші курс студенті; әрқашан мерекелік шараларға әзірленетін ерекше тағамдарды білетін отбасы мүшесі; немесе сіздің қоғамдастығыңызда көп жыл өмір сүріп, жергілікті тарих пен өмір салты туралы әңгіме тарқата алатын көршіңіз.

СҰХБАТ

«Олардың жадында шындығы да бар».
- СтадзТеркель, HardTimes (ХардТаймз)

Адамдардан сұхбат ала отырып, сіз алғашқы дереккөзден естеліктер, әңгімелер мен дәстүрлерді білесіз. Қоғамдастықтың өмірінде пайда болып әбден сіңгенімен, олар жаңа жағдайлар мен қажеттіліктергесәйкес бейімделіп, өзгеріп отырады. Өзіңіздің отбасы мүшелерін немесе қоғамдастық мүшелерінен сұхбат алған кезде олардың тек қана өткен шақты айтып қоймай, бүгінгі таңдағы өмірлері туралы да әңгімелеуі үшін барыңызды салыңыз. Мысалы, белгілі бір отбасылық дәстүрлер қалай өзгерді? Бір ұрпақ бұрын жоқ болған, бірақ қазіргі таңда бар қандай мерекелік дәстүрлер қолданылады? Қандай ерекше тағамдар мен салт жоралары қоғамдастықтағы мейрамдардың бөлігі болып табылады және неліктен олай? Жеке қолөнер немесе әуестікпен айналысу үшін қандай машықтар мен қабілеттіліктер қажет? Аталған машықтар қалай зерделеніп, игеріліп келесі жас буынға табысталауда?

Егер мүмкіндік болып жатса өзіңіз сұхбат алып отырған дәстүр жалғастырушысынан өзіңізге қызықты тақырыпта оқиғалар мен әзіл әңгімелер айтып беруін өтініз. Тарих қоғамдастық зерттеушісі үшін ақпараттың маңызды көзі болып табылады – жекелеген тұлғаның өзіндік ерекшелігі мен тәжірибесінің негізінде жатқан қарым-қатынастарды, наным-сенімдерін, даналығы мен білімін көрсетеді.

Сіздің жинайтын әңгімелеріңіз бен естеліктеріңіз тек тарихи факті тұрғысынан ғана құнды емес екенін, сондай-ақ олар дүниетанымның жеке тәсілі адами наным-сенімді де қамтитынын есте сақтаңыз. Анн Банкс «Америкаға менің көзқарасыммен» жазғанындай, «Адамдар өздерінің өмірлерінің мәнін қалай түсінетіндігі, олардың өздері үшін анықтайтын мәнділігі мен ерекшелігі өздігінен-ақ маңыздылыққа ие». Адамдар әңгімелейтін оқиғалар және олар өкілі болып табылатын мәдени дәстүрлер олардың нені бағалайтынын және өздерінің айналасындағылардың өмірінен мәнді қалай табатынын көрсетеді.

Сіз жүргізген кез келген сұхбат бірегей болып табылады. Біз осында ұсынылған ұсынымдар мен кеңестер сіздің мәдени жаңалықтарды ашудағы саяхатыңызға көмектеседі деп сенеміз.

БАСЫ

Сіздің зерттеуіңіздің мақсаты қандай? Сізді не қызықтырады? Не тапқыңыз келеді? Сіздің қоғамдастығыңыздағы ерекше мейрамдар туралы не білгіңіз келеді? Өз отбасыңыздағы дәстүрлі салттарды құжатқа түсіргіңіз келеді ме? Сіздің анаңыз қандай уақытта өскенін білгіңіз келеді ме? Бастаудың ең жақсы жолы – ол сұхбаттың назарын анықтап алу. Ол сұхбат үшін белгілі бір тұлғаны және оған қойылатын сұрақтарды таңдап алуға мүмкіндік береді. Айқындалған мақсат – сәтті сұхбат жүргізудің негізі.

Сіз сұхбатыңыздың назарын анықтадыңыз, әрі қарай не болмақ? Бірінші кезекте кімнен сұхбат алу керек? Сіз бәрінен бұрын өзіңіз және өзіңіздің мүдделеріңізді ойлай отырып бастай аласыз. Сізге әлдекім қандай сұрақтар қойғанын қалар едіңіз? Сіздің ойыңызша ол сұрақтар қандай реакция тудыруы мүмкін? Осының барлығы сұхбатқа дайындалуыңызға көмектеседі. Егер мүмкіндік болса өзіңізді еркін сезінетін қандай да бір адаммен, мысалы, өзіңіз жақсы білетін жақын туысыңыз немесе көршіңізбен бірінші сұхбатыңызды жүргізуге тырысыңыз. Сұхбат барысында басқа дереккөздерге қолжеткізуіңіз мүмкін: «Джудит әпке сол уақыт туралы кейбір оқиғаларды айтып бере алады» немесе «Антонио Мартинезден сұраған жөн – ол нағыз шебер».

Өзіңізге қызықты тақырыпта кімнен сұхбат алуды білмейсіз бе? Адамдарды табудың ең жақсы жолы – бұл басқа адамдардан сұрау. Өзіңіз іздеп жүрген адамды танитын қандай да бір адамды табу мүмкіндігі пайда болады! Достар, көршілер, туыстар, мұғалімдер, кітапханашылар, фольклоршылар және жергілікті тарихшылар Сізді бағыттауы мүмкін. Жергілікті газеттер, қоғамдастықтағы хабарландыру тақталары, қалалықтар жиналатын орталар да жақсы ақпарат көздері болып табылады.

Сұхбатты еркін әрі ыңғайлы атмосферада жүргізген жөн. Сіз сұхбат алатын адамның үйі әдетте ең жақсы орындардың бірі, дегенмен, дәстүрді жалғастырушының жұмыс орны, шіркеудің холлы немесе қоғамдастық орталығы сияқты басқа да тисті орындар сәйкес келуі мүмкін. Отбасылық түскі ас, мерекелер және жұмыс жиналыстары сияқты жүйелі түрде өткізіліп тұратын іс-шаралардың барысында нәтижелі сұхбат жүргізілуі мүмкін.

Студенттер
және басқа сұхбат
берушілеріңіз үшін:
есіңізге сақтаңыз,
белгілі бір дәстүр
жалғастырушысымен
жұмыс істеу үшін
әрқашан ата-
анаңыздан НЕМЕСЕ
қамқоршыларыңыздан
рұқсат алуларыңыз
қажет.

Дәстүрлі салттар кезінде, адамдардың оқиғалар айтатын жағдайлар да болып тұрады.

ЖАБДЫҚ

Сұхбат жүргізудегі маңызды бірінші қадам, ол Сізге қажет болуы мүмкін жабдықты дайындау болып табылады. Фольклор мен ауызша тарихты құжатқа түсірудің неғұрлым жалпыға таныс құралдары ретінде дыбыстық-жазбамен блокнотқа жазып алу. Дыбыстық жазбаның көптеген жағдаяттарда артықшылығы көп, өйткені ол Сізге оқиғалар мен тәжірибені толық әрі дәл құжаттауға, сондай-ақ хикая мен оны әңгімелеушінің екпінін, үнін, тоқтауын және басқа да сипаттамаларын дәл аңғаруға мүмкіндік береді.

Басында, Сізге сұхбат беріп отырған адамдар цифрлық жазу құрылғысының жанында өздерін қолайсыз сезінуі мүмкін, сөйте тұра уақыт өтісімен олардың цифрлық жазу құрылғысын елемеу мүмкіншілігі арта түседі! Дыбыстық жазу құрылғысына жазылатын сұхбат барысында әрқашан қаламыңызбен парағыңызды алып отырыңыз, оған маңызды сәттерді түртіп немесе ақпарат беріп отырған адамның әңгімесі кезінде ойыңызға келген сұрақтарды жазып отырсаңыз болады.

Портативті цифрлық жазу құрылғылары заманауи технологиялармен үйлесімділігі есебінен сұхбат жүргізу барысына жақсы көмекші болып табылады. Флеш-жады бар жазу құрылғылары негізгі болып саналады және цифрлық камералардағы SD жад карталарына сәйкес келеді. Ондағы ақпаратты кез келген компьютерге жүктеу оңай және жоғары сапада жазу баптауларын қамтамасыз етуге болады. Цифрлық жазу құрылғыларының басқа типтері жазу уақытының ұзақтығын ұсынатын қатты дискісі бар рекордерлерді қамтиды және қатты дискісі бар рекордерлерден кішкене баяуырақ компакт-дискілі рекордерлер, олардың жазу уақыты 90 минутпен шектеледі. Бүгінгі таңда смартфондардың көпшілігі жазуды жеңілдететін функцияларға ие (фото және бейне опциялары), тек телефонның сұхбатқа дейін толық зарядталғанына көз жеткізіңіз!

Сұхбатқа дейін рекордердің жұмысымен таныс болуыңыз үшін, рекордерге жазба жазып жаттығып алған жөн. Егер жабдықты оңай игеріп отырсаңыз, ол сондай-ақ дәстүр жалғастырушының еркін отыруына септігін тигізеді. Жабдықтың келесі бір маңызды бөлігі камера болып

табылады. Ол сұхбат беруші адамның визуалдық жазбасын алуға мүмкіндік береді және камера қандай да бір шараны құжатқа түсіріп жатсаңыз неғұрлым құндылыққа ие болады, мысалы әжеңіздің көрпені құрап тіккенін немесе сүйікті отбасылық рецепт бойынша тағам әзірлеуін. Сондай-ақ, камера отбасыдағы ескі фотосуреттер мен хаттар, туу туралы куәлік және кесінділерге арналған альбомдар сияқты басқа да материалдарды түсіруді жүзеге асыруға пайдаланылуы мүмкін.

Сіз өзіңіз түсіріп алған фотосуреттер бойынша тізімдеме дайындайтындай етіп, фотосуреттеріңіздің күні, түсірілген жері туралы жазба жасап отырғаныңыз жөн.

Сондай-ақ, бейне-камераны қоғамдастықтың ерекше іс-шарасын бейнелеуге немесе дәстүрлі шараны визуалды түрде жазып алуға не болмаса өзінің өмірлік тарихын айтып отырған отбасы мүшесін бейнелеуге пайдалануыңыз мүмкін.

СҰХБАТҚА ДЕЙІН

Дәстүр жалғастырушысынан сұхбатқа алдын ала рұқсат алып, ол үшін ыңғайлы уақыт пен орынды жоспарлаңыз. Сіздің жазу құрылғысын пайдалануды жоспарлап отырғаныңызды хабарлап (жоғарыдағы жабдықты талқылауды қараңыз), рұқсат беруін сұраңыз.

Әуел бастан-ақ дәстүр жалғастырушысы сұхбаттың мақсатын түсінетіндігіне және жазбалар және/немесе түртілгендер әрі қарай қалай қолданылатынын ұғатынына көз жеткізіңіз. Бұл мектептегі тапсырма ма? Сіз отбасы тарихын жазуды жоспарлап жүрсіз бе? Көрме ұйымдастыруды? Туған өңіріңіздегі фольклор туралы ақпараттық бюллетень жариялауды? Материалдар кесінділерге арналған отбасылық альбомда сақталады ма? Олар жергілікті кітапханаға, мұрағатқа немесе тарихи қоғамдастыққа ұсынылады ма? Сұхбат берушінің осылардың барлығын білуіне мүмкіндік беріңіз.

Үй тапсырмаңызды орындаңыз. Өзіңізге қызықты тақырып туралы бірнеше анықтамаларды кітапхана, мұрағат, музейге барып немесе Интернет арқылы жинау жақсы идея болып табылады. Кітаптар, памфлеттер, фотосуреттер, карталар, отбасылық құжаттар сұхбатқа бармастан бұрын, Сіздің зерттеу тақырыбыңыз туралы ақпарат ұсынуы мүмкін. Хабардар болу сұрақтарды жақсырақ қоюға көмектеседі

НЕГІЗГІ ЖАБДЫҚТЫҢ СОҢҒЫА ТІЗІМДЕМЕСІ

- Қаламдар/ қарындаштар
- Цифрлық дыбыстық-рекордер
- Зарядтау құрылғысы
- Камера немесе камерасы және бейне жазба опциясы бар смартфон
- Сұхбатты шығару нысаны

«Нысандар» тарауындағы фотосуреттер бойынша тізімдеменің үлгісін қараңыз.

және ауқымды сұхбат болуына септігін тигізеді.

Алдын ала сұрақтар тізбесін дайындаңыз. Ол сұрақтардың анық, қысқа және түзетуге болатындығына көз жеткізіңіз. Жалпы пайымдаудан алыстататын жауабы «иә» немесе «жоқ» болатын сұрақтарды қоймауға тырысыңыз. «Қалай», «не» немесе «не үшін» деген сөздерден тұратын сұрақтарға әдетте толық жауап қайтарылады. Мысалы, «Өз кәсібіңізді қалай үйрендіңіз?» немесе «Өз кәсібіңізді үйрену қаншалықты қиын болды?» деген сұрақты «Өз кәсібіңізді үйрену сізге ұнады ма?» деудің орнына.

Қандай сұрақтардың негізгі екенін біліп отырыңыз және тізімдегі сұрақтарға қатты байланып қалмаңыз. Сұрақтар назарды бір арнаға бөлуге және сұхбатты жүргізуге көмектесуі тиіс.

*Кейбір болжалды
сұрақтарды 21
беттен қараңыз.*

Сұхбатты құрылымдаңыз. Сұхбаттың басы, орта бөлімі және соңы бар хикая сияқты жоспарлаңыз. Сұрақтарды жоспарлаңыз және оларды логикаға сай етіп байланыстырыңыз.

СҰХБАТ БАРЫСЫНДА

Басында сұхбат беруші адамға өзіңізді таныстырыңыз және өзара түсінушілік – еркіндік сезімімен келісушілік орнатыңыз. Сұхбаттың мақсатын талқылаңыз және жобаңыздың сипатын баяндап беріңіз.

Қажет болған кезде реттеуге мүмкіндік болу үшін жазу құрылғысын қолжетімді жерге қойыңыз және микрофонды дәстүр жалғастырушысының дауысы мен өзіңіздің дауысыңызды жаза алатындай етіп орнатыңыз.

Жазбаның жазылуына кедергі жасайтын радио немесе теледидар сияқты дауысы қатты фондық шуылдарды барынша азайтуға немесе алып тастауға тырысыңыз. Сіз сағат тілінің соғуы немесе ыдыстың шылдыры соншалықты алаңдататынына таң қаласыз!

Әрқашан сұхбатқа дейін тестілеу жүргізіңіз. Бір минуттық әңгімені жазып алыңыз және жазбаның тиісті жолмен жазылып жатқанына, жақсы дыбыс алу үшін басылған жазбаны қосып көріңіз. Өзінің атын, дәстүр жалғастырушының атын, күнді, орналасқан орнын және сұхбаттың тақырыбын атап көрсету жақсы рәсім болып табылады. Ол өз кезегінде жабдықты тестілеу үшін және



Анни Мейсон ханым, Франклин өңірі, Миссисипи, өзінің немересіне отбасылық Киелі кітапты көрсетуге. Роланд Фриманның фотосы.

жазбаны ауызша «таңбалау» ретінде болады. Сіз барлық жабдығыңыз жұмыс күйінде тұрғанына сенімді болған кезіңізде сұхбатты бастауға дайынсыз.

Дәстүр жалғастырушысын еркін сезінуіне көмектесетін сұрақтан немесе тақырыптан бастаңыз. Сіз, «Қай жерде дүниеге келдіңіз?», «Қай жерде өстіңіз?» сияқты кейбірнегізгі биографиялық сұрақтардан немесе өзіңізге қызықты тақырыпта бір күні біреуден естіген оқиға туралы сұрақтан бастауға ниет білдіре аласыз. Аталған сұрақтарға жауап беру оңай және жылы қарым-қатынас құруға көмектеседі.

Жауабы «иә» немесе «жоқ» болатын сұрақтар қоймауға тырысыңыз. Ерекшелігі мол ақпараттар жинау үшін келесі сұрақтарды қойыңыз: «Толығырақ түсіндіріп кете аласыз ба?» «Мысал келтіре аласыз ба?» немесе «Бұл қалай болды?».

Дәстүр жалғастырушысы айтқандарын мұқият тыңдаңыз және қызығушылық танытыңыз. Көз арқылы байланысты қолдап, оны бас изеу немесе күлу арқылы шабыттандырыңыз.

Әңгімеге басымдықсыз қатысыңыз. Сұхбат берушіні тоқтатпауға тырысыңыз және тыныштықтан қорықпаңыз, сұхбат берушіге ойлануға және жауап қайтаруына уақыт беріңіз. Дәстүр жалғастырушысы айтқысы келетін әңгімеге мұқият болыңыз және егер ол тіпті Сіз ойламаған ауқымды тақырыптарды қамтитын болса, онда өзіңіздегі сұрақтар тізбесінен ауытқуға дайын болыңыз!

Егер, мүмкін болса визуалды материалдар тартыңыз. Ескі фотосуреттер, отбасылық фотоальбомдар, кесінділерге арналған альбомдар, хаттар, туу туралы куәлік, отбасылық киелі кітаптар, құрал-саймандар, шаш бұрымдары және кәдесыйлар естеліктерді ынталандыруға және әңгімелеудің жақсы өтуіне ықпал етеді.

Сұхбат барысында жазу құрылғысын қосып, сөндірмеңіз. Бұл тек қана Сіздің маңызды ақпаратты жіберіп алуыңызға әкеп соқтырмай, сондай-ақ дәстүр жалғастырушысында айтып отырған әңгімелерінің кейбірін жазу қажеттілігі жоқ екен деген әсер пайда болады. Ешқашан дәстүр жалғастырушысына ескертпестен жазу құрылғысын пайдаланбаңыз.

Сұхбат аяғына таяп қалғанда өзіңіз сұрағыңыз келген сұрақтардың барлығы қойылғанын тексеру үшін дайындалған сұрақтар тізбесіне тез көз жүгіртіп шығыңыз.

Дәстүр жалғастырушысының қажеттіліктерін сезініп отырыңыз. Егер ол шаршаса, сұхбатты тоқтатып, басқа уақытқа шегеріңіз. Сұхбат үшін әдетте бір сағаттан екі сағатқа дейінгі уақыт жеткілікті.

СҰХБАТТАН KEЙІН

Сұхбатты шығару нысанын міндетті түрде сұхбат берген адам қол қоюы үшін оғанұсыныңыз, өзіңіз сұхбат алған адамның талап еткен кез келген шектеулеріне сәйкес болуыңыз тиіс. Сіз басынан дәстүр жалғастырушысына айтып берген тәсілдермен, мысалы отбасы тарихын жазу немесе мектеп жобасын орындау секілді тәсілдермен сұхбат нәтижелерін пайдалануға рұқсатты әрқашан сұраңыз. Өзіңіз орындай алмайтын уәде бермеңіз және құпиялылық пен жеке өмірді құрметтеңіз.

Сіз сұхбат алған тұлғаның атын және күнді көрсете отырып цифрлық файлдарды анық таңбалаңыз.

Жадыңыздан шықпай тұрған кезінде сұхбат туралы жазбалар жасаңыз, алған әсеріңізді, бақылауыңызды, маңызды тақырыптарды, мәнмәтіндік ақпаратты, идеяларды жазып қойыңыз.

Сұхбаттан кейінгі бірінші мүмкіндікті пайдалана отырып дыбыстық/бейне-жазбалар бойынша тізімдеме (тақырыптар бойынша жиынтық) дайындаңыз. Әрбір жаңа тақырыптың өтетін орнын белгілеу үшін жазу құрылғысында тіркеуіш пайдалана аласыз. Аталған тізімдемемен кейінірек тыңдау және транскрибация (жазылған сұхбаттың сөз бойынша транскрибациясы) үшін жазбаның бөліктерін іріктеп ала аласыз. Толық транскрибациялар маңызды болып табылады, бірақ ол уақыт алады. Жақсы шешім ретінде тізімдемеге біріктірілген енгізу және транскрибация жақсы шешім болып табылады: жазбаның жалпы мазмұнының тізімдемесі және тікелей қайталап айтуды талап етеді деп санайтын бөліктің сөздік транскрибациясы.

Файлдарыңызды оңай қолжетімді болатындай етіп, ұйымдастырылған кейіпте сақтаңыз.

«Нысандар»
тарауындағы
сұхбатты шығару
нысанының үлгісін
қараңыз.

Дәстүр жалғастырушысына міндетті түрде алғысыңызды білдіріп хат жөнелтіңіз, егер мүмкін болса жазбаның көшірмесін қоса жіберіңіз.

КЕЙБІР БОЛЖАЛДЫ СҰРАҚТАР

«Менің туысқандарымның тоқтамай әңгіме-дүкен құратындары әлі есімде, дегенмен сол кезде бала болғанымнан оған аса мән бермейтінмін. Мен өткен шаққа оралып, олардың әңгімесін тыңдағым келеді».

- Вейн Дионн, Александрия, Виржиния

«Фольклор –
пішіндер мен өзара
әрекеттестіктер
мириадасында епті
түрде көрініс тапқан
қоғамдастықтың өмірі
мен құндылықтары»
- Мэри Хаффорд,
фольклоршы

Әрбір адам ешкімге ұқсамайтынына себепті және әрбір сұхбат алушының өзіндік мүдделері мен зерттеу мақсаттары болатындығынан кез-келген жағдай үшін қоюға болатын сұрақтар тізімі болмайды. Келесі сұрақтар отбасылық фольклор мен жергілікті дәстүрлер туралы туыспен немесе қоғамдастық мүшесімен сұхбат жүргізуге көмектеседі. Белгілі бір дәрежеде мүдделеріңізге сәйкес келетін сұрақтарды таңдап алып, олардың тұжырымдамасын өзгертіңіз. Түбінде өзіңіздің отбасыңыз және/немесе қоғамдастығыңыз туралы білімдеріңізді негізге ала отырып әзірлеген сұрақтарыңыз ең тиімділері болып шығады. Формалды сұрақтар тізіміне байланып қалмаған жөн екенін естен шығармаңыз, өзіңіздің сұрақтарыңызды сұхбат үшін жалпы нұсқаулық ретінде пайдаланыңыз. Алғыр болыңыз және рахаттанаңыз!

БИОГРАФИЯЛЫҚ СҰРАҚТАР

СҰРАҚ: Атыңыз кім? Қашан және қайда дүниеге келдіңіз? Қай жерде өстіңіз? Қай жерде тұрдыңыз? Қандай жұмыстарда жұмыс істедіңіз? Қазір табысыңызды қалай тауып жүрсіз? Табыс көзін қайдан аласыз?

ОТБАСЫЛЫҚ ФОЛЬКЛОР

СҰРАҚ: Тегіңіз туралы не білесіз? Тегіңіздің шығу тарихы туралы аңыз әңгімелер бар ма? Тегіңіз қандай да бір өзгерістерге ұшырады ма? Ол өзгерістер туралы оқиғалар бар ма? Сіздің отбасыңызда дәстүрлі аттар немесе лақап аттар бар ма? Оларды атай аласыз ба? Олар қайдан шықты? Аттарда қандай да бір дәстүрлер бар ма? Ол қандай дәстүрлер?

СҰРАҚ: Сіздің отбасыңыздың Құрама Штаттарға алғаш қалай келгені туралы қандай да бір оқиғаларды білесіз бе? Олар бірінші қай жерге тұрақтанды? Не үшін? Өмірге қажетті қаражаттарын қалай тапты? Сіздің отбасыңыз бір жерде қалды ма, әлде көшіп отырды ма? Олар аталған өңірге қалай көшіп келді?

СҰРАҚ: Егер дәстүр жалғастырушы бірінші буындағы иммигрант болса, онда былай сұрасаңыз болады: Құрама Штаттарға не үшін келдіңіз? Өзіңізбен бірге не алып келдіңіз және не үшін? Саяхатыңыз қандай болды? Сізбен бірге отбасыңыздың қандай мүшелері бірге келді, кім келмей қалды? Сіздің аталған елден алған бірінші әсеріңіз бен тәжірибеңіз? Қандай дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды

сақтауға тырыстыңыз? Не үшін? Өзіңіз бас тартқан немесе ішінара өзгерткен дәстүрлер бар ма? Не үшін?

СҰРАҚ: Сіз қандай тілдерде сөйлей аласыз? Сіз әртүрлі жерлерде, мысалы үйде, мектепте немесе жұмыста әртүрлі тілде сөйлейсіз бе? Тек бір ғана тіл қолданылатын қалжыңдар, хикаялар, мейрамдар бар ма? Сіз белгілі бір мысалдар келтіре аласыз ба?

СҰРАҚ: Ата-анаңыз, әжелеріңіз, аталарыңыз туралы қандай оқиғалар білесіз? Арғы ата-бабаларыңыз туралы? (Егер атаңыз бен әжеңізден сұхбат алып отырсаңыз олардан өзіңіздің ата-анаңыз жас кезінде қандай болғаны туралы оқиғаларды айтып беруін өтініңіз!)

СҰРАҚ: Ата-анаңыздың, атаңыз бен әжеңіздің танысқаны туралы бір нәрсе айтып беріңізші? Сіздің ата-анаңыз, атаңыз бен әжеңіз қалай кездесіп, үйленді?

СҰРАҚ: Балалық шағыңыз туралы қандай естеліктеріңіз бар? Балалық шақта қандай ойындар ойнадыңыз? Ойын ойнаған кезде өлең айтушы ма едіңіз? Қандай өлең айттыңыз? Қандай ойыншықтармен ойнадыңыз? Оларды кім жасады? Өзіңіз ойыншық жасап көрдіңіз бе? Оларды қалай жасайтын едіңіз? Оларды қандай материалдан жасадыңыз? Үйде қалай көңіл көтеретін едіңіз? Сіздің отбасы мүшелеріңіз қандай-да бір оқиғалар айтушы ма еді? Музыкаға қалай қарайсыз? Қандай да бір қолөнер дәстүрлері болды ма? Ол дәстүрлерді сипаттап беріңіз?

СҰРАҚ: Сіздің отбасыңызда қандай да бір ерекше пікірлер немесе сөйлем тіркестері болды ма? Оларды атап беріңіз? Олар қайдан шыққан?

СҰРАҚ: Сіздің отбасыңыз мейрамдарды қалай тойлайды? Қандай мейрамдар неғұрлым маңызды еді? Ерекше отбасылық дәстүрлер, ғұрыптар, өлеңдер, тағамдар болды ма? Сіздің отбасыңыздың жеке ерекше дәстүрлері мен мейрамдары бар ма? Ол мейрамдар мен дәстүрлер қандай еді? Олар қайдан шыққан?



Ваншенг Лидоктор ВангЙю Ченгтеноның Нью-Йорк қаласындағы дүкенінде қытайдың шөп медицинасы тақырыбында сұхбат алып отыр. Ваншенг Лидің фотосы, Смитсон Институты.

СҰРАҚ: Сіздің отбасыңыздың тамақтануда қандай дәстүрі бар еді? Қандай да бір рецепттер сақталып қалды ма және олар ұрпақтан ұрпаққа мұра есебінде беріліп келеді ме? Рецепттері туралы айтып беріңіз? Олар қайдан шықты? Олар жылдар өте өзгерді ме? Олар қалай өзгерді? Ингредиенттердің қайсыбірі бейімделіп не болмаса өзгертілді ме? Не үшін? Дәстүрлі түрде мейрамдарға ғана әзірленетін белгілі бір тағамдар бар ма? Оларды кім әзірлейді? Ерекше тағамдарды әзірлеумен байланысты қандай да бір отбасылық оқиғалар бар ма?

СҰРАҚ: Сіздің отбасыңыз барлық отбасы мүшелерімен бас қосып тұрады ма? Қашан? Қайда? Кім қатысады? Ондай кездесулер қанша уақыт бойы өткізіліп келеді? Сіз ол кездесулерде немен айналысасыз? Марапаттар беріледі ма? Құрметке ие болатын бір құрметті адам бар ма? Не үшін? Бұл іс-шараларда қандай оқиғалар айтылады?

СҰРАҚ: Қандай естелік заттарыңыз, кәдесыйларыңыз, шаш бұрымдарыңыз бар? Олар не үшін құнды? Олардың пайда болу тарихы? Олар қалай табысталды? Олармен байланысты қандай да бір естеліктер немесе оқиғалар бар ма?

СҰРАҚ: Сізде қандай да бір фото-альбомдар, кесінділерге арналған альбомдар, үй бейнесі бар ма? Оларды кім жасады? Қашан? Олардың мазмұнын сипаттап/түсіндіріп бере аласыз ба? Мұнда кім бейнеленген? Қандай істер мен оқиғалар құжатқа түсірілген?

ЖЕРГІЛІКТІ ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ӨМІРІ

СҰРАҚ: Өзіңіз туып өскен қаланың ауданын, кішкентай қаланы, ауылдық елді мекенді, қала маңын сипаттап беріңіз. Ол жер қандай еді? Ол жылдар өте келе қалай өзгерді? Ол өзгерістер не алып келді? Адамдар күнделікті күнкөрісін қалай тапты? Олар қазір немен айналысады?

СҰРАҚ: Сіз жергілікті қоғамдастықтың картасын жасай аласыз ба? Сіздің ауданыңыздың? Отбасыңыз тұратын үйдің? Үй шаруашылығыңыздың? Қандай жерлер жадыңызда қалып қойды және не үшін? Көршілеріңіз қандай еді? Қандай жергілікті жиналыстар мен іс-шаралар өткізілетін еді? Ойыңызға қандай оқиғалар мен естеліктер келіп тұр?

СҰРАҚ: Бүгінгі таңда қоғамдастықтың қандай дәстүрлері сақталуда? Шіркеудегі түскі ас? Қытай Жаңа жылының мерекелік шеруі? Періште күніне арналған іс-шаралар? Мексиканың ұлттық мейрамы, Бесінші Мамырды тойлау? Осы

мейрамдарды сипаттап беріңіз? Олар қаншалықты ұзақ аталып келеді? Олар қалай өзгерді? Кімдер тартылған? Олар қоғамдастыққа не үшін маңызды?

СҰРАҚ: Сіздің отбасыңыз бен қоғамдастыққа тарихи оқиғалар қалай әсер етті? Мысалы, Екінші Дүниежүзілік соғыс пен Азаматтық Құқықтарды қорғауға арналған Қозғалыстағы тәжірибеңіз қандай болды?

МӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕР/КӘСІБИ МАШЫҚТАР

СҰРАҚ: Бұл дәстүрді алғаш қалай ұстандыңыз/бұл машықты қайдан үйрендіңіз? Сізді не қызықтырды?

СҰРАҚ: Машықтарыңызды қалай игердіңіз? Кім үйретті? Қашан? Оқыту барысы қалай болды? Үйрену үшін ең күрделісі не болды? Не үшін?

СҰРАҚ: Дәстүрлердің негізгі сипаттамалары? Дәстүрдің тарихы қандай? Дәстүрдің шығуы туралы не айта аласыз, қалай және қашан пайда болды? Ол дәстүр қалай қолданылды? Уақыт өте келе қалай өзгерді немесе дамыды?

СҰРАҚ: Дәстүр түрлі стильдерге немесе нұсқаларға ие ма? Олар қандай?

СҰРАҚ: Үдерістің қадамдарын басынан бастап соңына дейін сипаттап беріңіз? Аталған үдеріске не тартылады?

СҰРАҚ: Қандай ерекше білім, машықтар мен қабілеттіліктер қажет? Қандай техникалар мен әдістер пайдаланылады?

СҰРАҚ: Қандай шикізат пайдаланылады? Материалдарды/ингредиенттерді қайдан сатып аласыз? Олар қалай дайындалады? Олар уақыт өте келе езілді ме? Қалай? Не үшін?

СҰРАҚ: Қандай құрал-саймандар пайдаланылады? Олар қалай және қай жерде пайдаланылады?

СҰРАҚ: Дәстүрді ұстану деңгейін қалай бағалайсыз? Дәстүрлердің орындалуын бағалау үшін қандай стандарттар мен критериілер пайдаланылады? Дәстүрді өткізген кезде адамды құрметті тұлға ететін не нәрсе?

СҰРАҚ: Қандай жағдайда/ жәйттарда машықтар іске асырылады/ дәстүр өткізіледі? Кім үшін? Қашан?

СҰРАҚ: Өзіңіз істейтініңізден ең бірінші нені бағалайсыз? Не үшін?

СҰРАҚ: Аталған дәстүрдің болашағы туралы не ойлайсыз? Оның міндеттері мен мүмкіндіктері қандай? Аталған дәстүрді басқа адамдар зерттеп, қолданып жүр ма?

СІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІҢІЗДІ ТАНЫСТЫРУ

«Атасы, әжесі және немересі бірге отырған кезде өткен
шақ пен болашақ осы шақта тоғысады».

- Маргарет Мид

Енді, өзіңіздің отбасыңыздың мүшелерінен немесе жергілікті қоғамдастық мүшелерінен фольклор мен ауызша тарих туралы сұхбат алғаннан кейін, өзіңіз жинаған материалдарды мен ақпаратпен қалай бөлісе аласыз? Нәтижелеріңізді сақтау мен таныстырудың бір қатар тәсілдері бар. Сіз өзіңіздің жазылған сұхбаттарыңызды индекстеп және/немесе транскрибациялап, материалдарыңызды өзіңізге және отбасыңыз бен қоғамдастық мүшелерінің қолы оңай жететін қауіпсіз жерде сақтай аласыз, мысалы жергілікті мұрағат, мектеп кітапханасы, тарихи қоғам немесе қоғамдастық ұйымы секілді жерлерде. Не болмаса отбасылық тарихты жазу, көрме ұйымдастыру, отбасының немесе қоғамдастықтың рецептілер кітабын жазу, еске алу тақтасын жасау, газетте немесе журналда жариялау, вебсайт құру немесе деректі фильм немесе подкаст түсіру арқылы өзіңіздің ақпаратыңызбен бөлісе аласыз. Келесі бірнеше бетте отбасылық фольклор мен қоғамдастық дәстүрлерін таныстырудың бірнеше тәсілдері ұсынылған. Біз олар Сізге материалдарыңызбен бөлісу туралы бірнеше идеялар ұсынатынына сенеміз.

ОТБАСЫ НЕМЕСЕ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ РЕЦЕПТІЛЕР КІТАБЫН ҚҰРАСТЫРЫҢЫЗ

Егер Сіз өзіңіздің туыстарыңыздан немесе жергілікті қоғамдастық мүшелерінен ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан сүйікті рецептілері туралы сұхбат алған болсаңыз, онда өзіңіз жинаған рецептілерден кулинарлық кітап құрастырыңыз. Пайдаланылатын ингредиенттер туралы және олардың орын ауыстыруға сондай-ақ уақыт өтуімен байланысты қалай және не үшін өзгертілуі мүмкіндігі туралы ақпарат табыңыз. Аталған ерекше тағамдарды әзірлеумен байланысты аспазшылар мен рецептілер туралы оқиғалар мен естеліктерді, мейрамдардың, салттардың, дәстүрлердің сипаттамасын қосыңыз. Льюис (Ноксвилл, Теннесси) отбасы құрастырған отбасылық рецептілер кітабынан алынған Mamoo's Saggy Coconut Cake (Маму отбасылық кокос торты) деп аталатын кокос торты жақсы мысал болып табылады.



Mamoo's Saggy Coconut Cake (Маму отбасылық кокос торты)

Т.А.Льюисханым, Ноксвилл, Теннесси, ел арасында сүйіспеншілікпен «Маму» деп аталған, достары мен отбасының арасында өзінің қайталанбас кокос тортымен аты шыққан. «Маму кокос тортынсыз рождество өткен емес» - деп айтты оның немересі Фэйе - «Мен ұмытпасам солай көп жылдар бойы болды». Маму 95 жасқа толған кезде, оның отбасы оны торт жасау барысында құжаттауға шешім қабылдады. Магнитофон, камерасын алып, олар көптеген сұрақтарын қоя отырып, тиісті кокосты таңдау және дайын өнімді таныстыруға дейінгі үдерісте оның артынан қалмай жүргі. Жай қарапайым рецепт мен толық іс шара ғана түсірілген жоқ. Оның отбасы тортты әзірлеумен байланысты қымбат естеліктерді, тарихты, дәстүр мен құндылықтарды таспаға түсіріп алды. Уақыт өте келе лентаны транскрибациялады, материалдарды басып шығарып, торттың әзірлену барысы бар суреттермен безендірілген 43 беттік кітапшаны басып шығарып, туысқандар, достары мен көршілеріне таратып берді.

Франсис Херлисүйікті отбасылық торт әзірлеп жатқан өзінің анасы Т.А. «Маму» Льюис ханымды құжат көзіне түсіріп алуда. Харлан Хамбрайттың фотосы.



Отбасылық фотосуреттер естеліктерді жандандырып, оқиғаларды әңгімелеуге итермелеуі мүмкін. Марджори Хант фотосы.

Адебиә – отбасылық нақыл сөз

«Менің әжем Озаркс, Миссуридегі фермада бойжетті. Ол жерде саяхаттаушылар мен кезбе саудагерлер көп болатын және олардың арасында кәстрөл, таба және соған ұқсас заттар сататын Адебиә есімді адамда болды. Ол алты айда бір рет келетін және сол кезде менің арғы әжем оны әрқашан түскі асқа шақыратын. Адебиә әңгіме айтуды өте жақсы көретін.

Әрқашан тек сол ғана сөйлеп қана қоймай стол басында басқаларды да бөліп отыратын, осылайша менің отбасымда әлдекім біреуді тоқтатқан кезде пайдаланылатын Адебиә сөзі пайда болды».

- Марджори Хант, Вашингтон, Колумбия өңірі



Испан тілінде сөйлейтін фермерші және тігінші Агуэда Мартинез, өзі үнемі жетілдірумен айналысқан тігіншінің машықтарымен ғана құнды мәдени дереккөзі болып табылған жоқ, сондай-ақ өмірдегі шеберлігі– ас әзірлеу, консервілеу, мал шаруашылығы, балаларды тәрбиелеу, үйлену тойларын жоспарлау, саман кірпіштерін дайындау, қалалық жиналыстарды өткізу және көптеген басқалары үшін де құнды болып табылады. Барбараэлен Коч фотосы, Альбукерк (Albuquerque) журналының рұқсатымен.

КӨРМЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫҢЫЗ

Өзіңіздің сұхбатыңыз бен зерттеуіңіздің негізінде көрме ұйымдастырыңыз. Сізде жинап әрі көрсете алатын фотосуреттер, естелік заттар, ескі құжаттардың көшірмелері, құрал-саймандар, өнер туындылары және басқа да визуалды материалдар болуы мүмкін. Өзіңіз үшін маңызды тақырыптарды анықтап алыңыз, Сіздің тақырыбыңызды аша түсетін фотосуреттер мен заттарды іріктеп алыңыз, тиісті тәжірибе мен идея туралы хабар беретін өзіңіздің сұхбатыңыздағы дәйек сөздерді таңдаңыз, сонан соң аңдатпа жазып оларды сіз тапқан тиісті ақпаратты көрсететін фотосуреттермен бірге орналастырыңыз.

Қызықты көрме жобасы – бұл мәдени құндылықтарды қобдишаға жинау. Кішкентай қобдишаны мәдени ерекшелік пен тұптамыр сезімін білдіретін және ерекше мәнге ие отбасылық жәдігерлермен және естелік заттармен толтырыңыз. Әрбір артефакт үшін осы артефакттың маңызы және онымен байланысты естеліктер мен оқиғалар көрініс табатын қысқаша сипаттама жазып шығыңыз. Құндылыққа толы қобдишаны үйде, мектепте немесе қоғамдық ортада «аша отырып», мәдени құндылықтарды олардың ілесіп сипаттауымен бірге ептілікпен көрсетіңіз. Экскурсия жетекшісі құндылықтарды, олардың маңызы мен тарихын баяндай отырып таныстыра алады. Сіз жобаны әрбір артефактының маңызын толығырақ көрсететін нысандардың фотосуреттерін және эсселерді қамтитын көрме каталогын құру арқылы кеңейте аласыз.

Көрме жобасына арналған келесі жақсы идея – ол Мұра Сандығын/Қорабын құру. Колумбия өңірі, Вашингтондағы латын америкасы және жастар орталығының Жас адамдары өз қоғамдастықтарының мүшелерінен сұхбат алып, сонан соң адамның жеке өмірі мен мұрасы туралы түсінік беретін артефактілер, әңгімелер, дәйексөздер мен фотосуреттері бар Мұра Сандықтарын/Қораптарын бірге қойды. Сандық/қораптар ағаштан, картоннан немесе басқа кез келген материалдан жасалуы мүмкін. Нысандар салуға орын жеткілікті болуы үшін габариттері 18 дюймде 24 дюйм болуы тиіс. Сандық/қорапты бір жағына қарай бұрыңыз да әңгіме құралатындай етіп ондағы артефактілер мен фотосуреттерге арналған мәтін жазыңыз. Қоғамдастықтың керемет топтық портретін жасау үшін барлық сандық/қораптарды бірге орналастырыңыз.



КЕСІНДІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ОТБАСЫЛЫҚ АЛЬБОМ ЖАСАҢЫЗ

Сіз отбасылық мұраны сақтап әрі көрсетіп тұратын естелік заттармен, ескі фотосуреттермен, сызбалармен, естеліктермен және басқа заттармен толтырылған кесінділерге арналған альбомнан қызықты жоба жасай аласыз. Белгілі антрополог Маргарет Мидтің эссесінен алынған келесі үзінділер әртүрлі ұрпақтардың аталған естелік жобасын қалай іске асыруға болатыны туралы бағалы ұсыныстар береді.

*Хелен Фретз
Джарретт, Вашингтон,
Колумбия өңірі, аталған
«құндылықтар
қобдишасын» немересінің
он бір жасқа толуына
байланысты сыйлық
ретінде отбасылық
естелік заттардан
жинады. Эрик Ланг
фотосы, Смитсон
Институтының
рұқсатымен.*

Ата мен әже кітабын құрастыру

Маргарет Мид

«Ата мен әже кітабын құрастыру – бұл өздерінің немерелеріне неғұрлым бағалы заттарын – өздерінің балалық және жасөспірім шағынан қалған естелік заттарын табыстаудың әдісі.»

- Маргарет Мид

Біз ата-аналар ретінде балаларымыз үшін өткен шақты осы шақта жалғастыруда үлкен рөл атқарамыз... Біздің балаларымыз олар үшін нақты өмірде бар және өте жақын адамдардың өмірі туралы толығырақ білгісі келеді –олардың қалай өмір сүргенін, түр әлпетінің қандай болғанын және қоршаған ортада немен айналысқанын білгілері келеді. Бұл біздің

балаларымыз үшін іріктеп алуға болатын өткен заманның картиналары.

Біз оны қалай жасай аламыз?

Менің ойымша ең жақсы тәсілдердің бірі отбасының ең үлкен мүшесінің естеліктері бойынша отбасының тарихын көрсететін «ата мен әже кітабын құрастыру» - кесінділерге арналған альбомдар және басқа да альбомдар жасау. Бүкіл отбасы материал жинау мен кітап құрастыруға атсалыса алады, оның барысында әрбірі үшін жеке жаңалықтарға толы болады.

Ата мен әже кітабы үшін бірыңғай форма болмайды. Қалыңдық кітабы немесе бала кітабы үлгі ретінде бола алады, дегенмен сіздің отбасыңыз отбасылық тарихтың ажырамас бөлігі деп тапқан барлық заттар үшін өздерінің формаларын ойлап таба алады. Басында естелік заттарды бекіту үшін жекелеген парақтарды бекітуге арналған бума мен қатты қатты қағаздың бір байламы да жарайды. Жазу үстелінің жылжымалы тартпаларын, шатырдың астындағы жәшіктер мен жертөлегегі қораптарды ашып іздестіріңіз, олардың ішінен дарфготиптер, суреттер, той фотосуреттерін, атаның кішкентай бала шағындағы асау атқа мініп алған фотосуреті немесе арғы әженің кішкентай қыз кезіндегі ұзын белдемше мен түймесі бар бәтеңке киіп түскен фотосуреттерін тауып алуыңыз мүмкін.

Таныстырымның бірінші сессиясын үйдегі ең үлкен үстелде өткізген жөн, ол жерде отбасының әрбір мүшесі жиналған куәліктерді, отбасылық киелі кітапты, туу және өлу туралы куәліктерді, неке куәлігін, арғы ата мен арғы әже үшін жаңа өмір мен бостандықты білдірген тозығы жеткен төлқұжаттарды, аталарыңыз қайда тұрғанын көрсететін ескі мекенжай кітаптарын, әліге багажға жапсырылып тұрған жапсырмалар, басқа континентке көшіп кеткен туысқандардың хатын көре аласыз.

Атаңыз бен әжеңізден немерелері біліп жүруі үшін олардың аталары мен әжелері туралы білетіндерін айтып беруін өтінуге болады. Бір күні, уақыт туралы балалар идеясын зерделеп жатқан кезімізде бір

балақай, оның атасының уақытына дейін оған өте «ерте» екенін айтты. Ол өзі айтқанындай атасы өзінің балалық шағы туралы айтып берінті. Бұл оқиғалардың соншалықты шынайы болуына байланысты балақай осыдан төрт ұрпақ бұрын болған уақытқа қол ұшын соза алатындай көрінетін. Егер отбасыңызда кішкентай магнитофон болса немесе магнитофонды сұрап алсаңыз, онда оқиғаларды рет-ретімен жазып шығуға болады...

Сіз кітапқа салуға болатын әртүрлі заттар таба аласыз. Кішкентай қарындаштары бар биің ескі бағдарламалары, серіктердің аттарын жазуға арналған жібек баумен бекітілген, сый ретінде берілген көк ленталар, үйге жәрмеңкеден әкелінген кәдесый ретіндегі пошталық ашық хаттар, әженің бірінші балға киетін көйлегін безендіріп тұрған шілтер жаға, арғы әженің ұқыптылықпен сақтап қойған шәлінің бір тілімі, ата жасырын сақтап қойған әкенің бірінші үлгеру табелі, әженің анасын өрмекші тәріздес қол таңбасымен жазған әженің қара өрік пудингінің құнды рецепті, валентинкалар, Бітім жасаған күні газет тасушылармен таратылған 1918 жылғы «Экстра» газетінің алғашқы беті, үйлену гүлшоғының кептірілген ақ раушаны сияқты заттардың барлығының өздері айтып берер тарихтары бар.

Егер әже немесе арғы ата отбасының шежіресін естерінде жақсы сақтаса және туысқандарының өміріндегі оқиғалар туралы жазбалар немесе күнделіктер толтырған болса, онда кейбір кітаптар үшін естелікке толы өткен шақ үшін көп парақ қажет болады. Кейбір отбасыларда АҚШ тәуелсіздігі үшін соғысқа дейін жалғасатын сегіз тіпті тоғыз буын болуы мүмкін...

Басқа отбасылар үшін Америкадағы өмір кеше ғана басталды. Әжем жасөспірім қыз кезінде жұмысқа орналасу үшін немесе туысқандарына қыдырып келуге келіп, осында тұрмысқа шығып қалып қойған. «Әжем мен атам бір кемеде жүзіп келгеніне қарамастан, олар 10 жылдан соң ғана кездесті». Бұл отбасыларда Еуропа, Таяу Шығыс немесе Қиыр Шығыс қалаларымен байланыс бар – бұрынғы елде қалған арғы әже мен атаның және немере ағалары мен әпкелерінің фотосуреттері мен шет тілдегі ескі хаттар болуы мүмкін.



Отбасылық мейрам—ерекше тағамдар әзірленіп, дәстүрлі әдет-ғұрыптар өткізіліп, отбасылық оқиғалар айтылатын еврей пасхасына арналған салттық кешкі ас. Фотосурет Смитсон Институтының рұқсатымен ұсынылған.

Әрине, кемшіліктер де жоқ емес, қазіргі таңда көптеген отбасылар алыс ата-бабалары туралы аз біліп жатады. Бірақ, әжем мен атам олардың ата-аналары немесе әжесі мен атасы көшіп келген Карпаттағы кішкентай қаланы немесе Шотландиядағы ұсақ аралды атай алады.

Ата-бабалар туралы аңыздар романтизмге толы болса да ештеңе етпейді, мысалы, егер Уэльстік ата-бабаларымызда қамал болған немесе арғы ирландиялық ата-бабаларымыз патша мен патшайым немесе құл болған ата-бабасы, өзінің бостандығына қол жеткізген көтерілісші ретінде танымал болғаны туралы айтылатын болса да... Отбасылық аңыздар біз өсіп жетілген, біздің тарихтың бір бөлігі болып табылады... Егер отбасылық фильмдер бар болса — және көптеген отбасыларда ол бар да — олардан үйлену тойын, отбасылық кездесулерді, серуендері, қазіргі таңда

егде жасқа келген адамдардың бала шағындағы көк шалғында ойнап жатқан көріністерін көрсететін фотосуреттер жасалуы мүмкін.

Ашушаң ағалар мен ұрысқақ әпкелердің балалық шағында жүгері немесе қауынды ұрлағанын немесе құдыққа ағаш тастағандарын немесе қашып кетіп, үйге бос катафалкпен оралатындары туралы оқиғаларды әжем айтып бергеннен кейін олардың адами сипаттары арта түсетіндей болатын. Балалар аналары мен әкелерінің мектепте нашар баға алғандарын, мектептен қашқандарын немесе тырнақ алатын қайшымен шаштарын кескендерін естісе бір қуанып қалады. Балаларға оқиға ретінде айтылған қасіретті күндері мен жеңісті күндеріне ие ешбір жанда, балалар үшін бөтен адам бола алмайды, ол оқиғалардың қаншалықты бұрын болғаны маңызды емес, — өйткені балалардың да кейде қайғылы тәжірибелері мен жеңістері болып тұрады.

Тарих тіріле түседі. Сіз ата-әжеңіздің, өзіңіздің, балаларыңыздың, туған күндерін, үйленген күндерін көрсете отырып ұмытылмас тарихи күндердің картасын құрастыра аласыз. 1927 жылы Линдберг Атлант мұхиты арқылы ұшып өткенде әжем 10 жаста еді және 1934 жылы барлық банктер жабық болған кезде атам 15 жаста еді немесе жаңа ғана колледж тәмамдаған немере әжем жаз мезгілінде стоматолог орындығында отырып жауып жатқан қарды көріп еді деп айта алатындай бала үшін тарих тым алыс және жалған ретінде көрінбейді. Әрине, мына жатқандар адамдардың 1945 жылы Жеңіс күнін тойлау үшін жырттып лақтырған тілімдері.

Осылайша, тарих атамнан оның атасына, әжемнен оның әжесіне созылып, ата мен әжеден олардың немерелеріне өтеді...

Маргарет Мид және Род Метрокс жазып алған «Санта Клауспен сұхбаттан» алынған
© 1978 Маргарет Мид және Род Метрокс. Қысқарту мен қайта басып шығару Walker and Company (Уолкер және Компания) рұқсатымен.



Эллен Джамбо, себет тоқитын үндіс шебері, Батыс Жағалаудан, Ванкувер аралы, Канада, кішкентай немересінің көзінше себет тоқып отыр. Юлли Стелтзер фотосы, «Үндіс шеберлері жұмыс үстінде».

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕРДІҢ ГЛОССАРИЙІ

ҚОСЫМША ЖОБАЛЫҚ ИДЕЯЛАР

Отбасының немесе қоғамдастықтың естелік коллажын жасаңыз. Өзіңіздің сұхбатыңызда құжатқа түсірген естеліктерді, оқиғалар мен тәжірибені көрсететін шаршы-аппликацияларды бірге жинаңыз. Мектеп жобасы үшін әрбір оқушы оның отбасылық мұрасының немесе оның қоғамдастығының мәдени дәстүрлерінің маңызды қырын паш ететін шаршы-аппликация ұсынып өз үлесін тигізе алады. Басқа тиісті жобалық идеялар: ауданның өмірі туралы ұжыммен бірге қабырғаға сурет салыңыз немесе отбасының әртүрлі мүшелері туралы естеліктер, оқиғалармен толтырылған безендірілген отбасылық шежіре жасаңыз.

Сұхбаттарыңыздан жинаған ақпараттардың негізінде эссе жазыңыз немесе өлең шығарыңыз. Жақсы мысал ретінде Смитсондық фольклорлық жазба бола алады: Мұнда мен бармын: Үлкендердің даналығы. Балалар өлеңі. Аталған жоба үшін Ларри Лонг пен Алабамадағы бірнеше кішкентай ауылдағы мемлекеттік мектептердің оқушылары жергілікті қарт адамдардан олардың өмірі туралы сұхбат алып, осы осы адамдардың тәжірибесі мен оқиғасының негізінде өлең шығарды.

Күлкілі әңгіме – қызықты, күлкілі немесе тамаша оқиға туралы қысқаша әңгіме, көп жағдайда биографиялық және нақты бір оқиға негізделген болып келеді.

Мұрағат – құжаттар, хаттар, күнделіктер, фотосуреттер, жазбалар мен басқа да ақпараттар сақталып, ерекше рұқсатпен зерттеушілер пайдалана алатын орын.

Дыбыстық-тізімдеме – тақырыптар бойынша цифрлық жазба мазмұнының жиынтығы.

Қоғамдастық – отбасымен, мамандығымен, өңірмен, гінмен, мәдениетімен, жынысымен, жасымен, мүдделерімен немесе негізгі кәсібімен, сондай-ақ тұратын жеріне, баратын мектебіне, істейтін жұмысымен, құдайға жалбарынатын жерімен байланысты жалпы ұқсастыққа ие адамдар тобы; адамдар олардың аудандарын, шіркеуін, мектебін, клубтарын, қызмет көрсету ұйымдарын қамтитын көптеген қоғамдастықтардың немесе мәртебесі бойынша тең адамдар тобының мүшесі бола алады.

Мәдениет – өмір салты, білім алу және әртүрлі қызмет түрлерін жүзеге асыру әдісі.

Әдет-ғұрып – адамдар тобы немесе жекелеген орын үшін жалпы болып табылатын тәжірибе.

Экскурсия жетекшісі – музейде экскурсия өткізетін және экспонаттарға түсінік беріп, талқылайтын тұлға.

Этнография – топтың мәдени дәстүрлерін құжаттау үдерісі.

Отбасылық фольклор – Отбасыда сақталып ұрпақтан ұрпаққа берілетін оқиғалар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, салттар, айтылған сөздер, мейрамдар, лақап аттар, тағамдар, ойындар мен фотосуреттер.

Далалық жұмыс – Бірінші қолдан ақпарат алу және субъектілерден сол жерде сұхбат алу арқылы антропологиялық немесе әлеуметтік деректер орын алатын, әлеуметтік және мәдени мәтіндерде өткізілетін мәдени қырлар мен өмір салтын құжаттау.

Фольклоршы – адамдардың экспрессивтік дәстүрлерін – олардың тарихын, әдет-ғұрыптарын, өнерін, машықтарын, сенімін, музыкасын және экспрессивті формалар – қоғамдастықтың өмірінде құрылып, қалыптасып, мағынаға ие болатынын зерттейтін тұлға. Фольклоршы зерттеулерінің көбісін адамдарды бақылау және адамдардан сұхбат алу арқылы өткізеді.

Фольклор – әртүрлі топтардағы дәстүрлі экспрессивті мәдениет: отбасы, кәсіп, гін, өңір шеңберінде. Экспрессивті мәдениет әдет-ғұрып, сенім, қолөнер машықтары, кулинария, қойылымдар, салттар, музыка, хикая айту, рөлдік орындау, билер, өнер, архитектура сияқты жасампаз және таңбалық нысандардың кең диапазонын қамтиды. Жалпы алғанда, аталған экспрессиялар ұқсату немесе орындау арқылы ауызша мәтінде игеріледі.

Жанр – халық ертегілері, аңыздар, мақалдар, балладалар немесе мифтер сияқты стильмен, формамен, мазмұнмен ажыратылатын экспрессия санаты (өнер, ауызша дәстүр, әдебиет).

Мұра – Ұрпақтан ұрпаққа табысталатын немесе ата-бабалардан қалған бір құнды не болмаса маңызды нәрсе; мәдени ерекшелік ретінде немесе мәдени тамыр ретінде танылған.

Ерекшелік – жекелеген аумақта, жекелеген өңірде немесе жеке ортадан табиғи жолмен шығатын немесе дамып жетілетін нәрсе.

Аңыз – шынай фактіге негізделген деп тұспалданатын тұлға, жер немесе оқиға туралы әңгіме.

Ауызша тарих – жердің, оқиғаның, тұлғаның немесе мәдени топтың тарихи мұрасын кеңейту мақсатында жекелеген тұлғалардың жеке тәжірибесін, естелік әңгімелерін магнитофонға жазып сұхбат алу арқылы жинау үдерісі.

Жеке тәжірибесін әңгімелеу – әдетте әңгімелеушінің ауызша нысанда айтылған, оның өміріндегі шынайы оқиғаларға негізделген бір адамның әңгімесі.

Өзара түсінушілік – адамдар арасындағы еркіндік пен үйлесімділік сезімі.

Дәстүр – Тұлғадан тұлғаға ауызша нысанда немесе жеке үлгісімен табысталған білім, сенім, әдет-ғұрыптар мен тәжірибелер, мысалы, мейрамға арналған белгілі бір тағамды әзірлеу тәжірибесі.

Дәстүрді жалғастырушы – өзі бөлісе алатын білім, машығы мен тәжірибесі бар тұлға, мысалы, отбасы мүшесінен немесе көптеген жылдар бойы тәжірибесі бар адамнан құрақ көрпе тігуі немесе тағам әзірлеуді үйренген адам.

Транскрибациялау – жазбаның мазмұнын бір-бір сөзден құжаттау.

КӨБІРЕК БІЛІҢІЗ

Барбара Аллен және Вильям Л. Монтель, 1981. *Жадыдан – тарихқа: жергілікті тарихи зерттеуге ауызша тарих көздерін пайдалану*. Нашвилл: Американың мемлекеттік және жергілікті тарихқа уымдастығы.

Холли Каттинг Бейкер, Ами Коткин және Маргарет Йоком. 1975. *Отбасылық фольклор: Сұхбат жүргізу жөніндегі нұсқаулық және сауалнама*. Вашингтон, Колумбия округі. Сминсон Институты, Ұтқыр көрме жөніндегі қызметтер.

Анн Банкс, 1980. *Америка – бірінші тұлғаның атынан*. Нью-Йорк. Винтаж туралы кітаптар.

Питер Бартис, 1979. *Фольклор және дала жұмысы: А.Лейманнан дала жұмысы техникасына кіріспе*. Вашингтон, Колумбия округі: Америка фольклорлық орталығы, Конгресс кітапханасы. Америка фольклорлық орталығымен ұсынылды, Конгресс кітапханасы, Вашингтон, Колумбия округі 20540. Сондай-ақ мына сайтқа ұсынылған: <http://leweb.loc.gov/folklife/agc.html>.

Питер Бартис және Падди Боуман. 1994. *К-12 сыныбына арналған фольклорлық ресурстар бойынша мұғалім нұсқаулығы*. Вашингтон, Колумбия округі: Америка фольклорлық орталығы, Конгресс кітапханасы.

Жан Брунванд 1978. *Америка фольклорын зерттеу: Кіріспе*. Нью-Йорк, В.В.Нортон.

Джон Колиер және Малколм Колиер, 1986. *Визуалдық антропология: Фотосурет – зерттеу үлгісі ретінде*. Альбукерке. Нью-Мексико Университеті.

Элейн Эфф және басқалары. 1995. *Кеше сіз мұнда болуыңыз керек еді: Мэрилендтағы мәдени құжаттама бойынша нұсқаулық*. Краунсвилл: Мэрилендтің тарихи орталығы.

Лиза Фолк. 1995. *Мәдениет бойынша репортер*. Вашингтон, Колумбия округі: Смитсон Институтының Америка тарихы ұлттық мұражайы («Tom Snyder Productions» компаниясымен таратылады, Вотертаун, Массачусетс 02172, 1-800-34200236 .

Генри Гласси. 1989. *Фольклорлық өнер рухы*. Нью-Йорк. Абрамз.

Алекс Халей. 1976. *Корни: Америкалық отбасы дастаны*. Гарден-сити. Нью-Джерси. Doubleday and Company (Даблдей энд Компани).

Мэри Хаффорд. 1991. *Америка фольклоры: Мәдениеттер достастығы*. Вашингтон, Колумбия округі, Америка фольклорлық орталығы, Конгресс кітапханасы.

Мэри Хаффорд, Марджори Хант және Стивен Зейтлин. 1987. *Аға буын: естеліктер, өнер, мұра*. Вашингтон, Колумбия округі, Смитсон Институтының Ұтқыр көрме жөніндегі қызметтері / Сиэтл, Вашингтон Университеті.

Эдвард Д. Ивес. 1980. *Магнитофонға жазып алынған сұхбат: Фольклор және ауызша тарих саласындағы қызметкерлерге арналған нұсқаулық*. Ноксвилл. Теннесси Университеті.

Барбара Киршенблатт-Джимблетт. 1983. *«Қолжетімгі Эстетика: Фольклорлық мәдениеттің рөлі және оқу бағдарламасы бойынша фольклорлық әртис»*. Нью-Йорк Фольклоры (Қыс).

Ларри Лонг. 1996. *Мен осындамын: Аға буынның даналығы, балаларға арналған әндер*. Смитсон Институтының фольклорлық жазбалары SF 45050. Вашингтон, Колумбия округі. Смитсон Институты.

Марша Макдовелл. 1987. *Білім берудегі фольклорлық өнер. Ресурстық нұсқаулық*. Ист-Лансинг. Мичиган штатының университеті.

Элизабет Радин Симонз. 1990. *Мектеп әлемі – мектеп сөздері: фольклор арқылы жазуды үйрету*. Портсмут. Нью-Гэмпшир. Хейнман.

Джеймс Р. Спрадли және Дэвид Маккурди. 1972. *Мәдени тәжірибе: Кешенді қоғамдағы этнография*. Чикаго: Science Research Associates (Ғылыми зерттеулер қоғамы).

Стадз Теркель. 1970. *Қиын Кезеңдер: Ұлы депрессияның ауызша тарихы*. Нью-Йорк. PantheonBooks (Пантеон Букс).

Барре Тоэлкен. 1975. *Фольклор серпіні*. Бостон: Houghton Mifflin Company (Хугтон Миффлин Компани).

Элиот Виггинтон және басқалары. 1971-1986. *Foxfire (Фосфор шағылыстыратын жарық)*. 9 том. Нью-Йорк: Doubleday (Даблдей).

Стивен Зейтлин, Ами Коткин және Холли Каттинг Бейкер. 1982. *Американың отбасылық фольклорын тойлау*. Нью-Йорк. Pantheon Books (Пантеон Букс).

Смитсон институтының фольклорлық және мәдени мұра орталығы
Мәдениет бойынша ресурстар/ материалдар / білім беру
бағдарламалары
www.folklife.si.edu

Смитсон институтының фольклорлық және мәдени мұра орталығы
Смитсон институтының фольклорлық жазбалары
www.folklife.si.edu

«ePals/Cricket Media» ұйымы мен Смитсон институтының
фольклорлық және мәдени мұра орталығы демеушілік ететін,
8 жастан 18 жасқа дейінгі оқушыларға арналған жыл сайынғы
дүниежүзілік фольклорлық жоба.
challenges.epals.com/folklife2015/the-challenge/

Смитсон институтының білімі
www.smithsonianeducation.org

Конгресс кітапханасының Америка фольклорлық орталығы
Ардагерлер тарихы жобасы
www.loc.gov/folklife/vets/

Конгресс кітапханасының Америка фольклорлық орталығы
«Фольклор және дала жұмысы: Дала жұмысының техникасына
кіріспе»
www.loc.gov/folklife/fieldwork/

Жергілікті оқыту: Білім берудегі фольклорлық өнердің ұлттық желісі
locallearningnetwork.org

Америка фольклорлық қоғамы
www.afsnet.org

Оңтүстік ауызша тарихы бағдарламасы
«Ауызша тарих бойынша тәжірибелік нұсқаулық»
sohp.org/files/2013/II/A-Practical-Guide-to-Oral-History.march2014.pdf

Бэйлор Университетінің ауызша тарих институты
«Желідегі ауызша тарихтар шеберханасы»
www.baylor.edu/oralhistory/index.php?id=23560

Американың мемлекеттік және жергілікті тарихқа уымдастығы
www.aaslh.org

Ұлттық генеалогиялық қоғам
www.ngsgenealogy.org

Ауызша тарихқа уымдастығы
www.oralhistory.org/about/principles-and-practices/

НЫСАНДАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

СҰХБАТТЫҢ ШЫҒАРЫЛУ НЫСАНЫ

Жобаның атауы: _____

Күні: _____

Сұхбат жүргізуші: _____

Файл(дар)дың атау(лар)ы: _____

Сұхбат жүргізілген тұлғаның (тұлғалардың) есімі: _____

Мекенжайы: _____

Телефон нөмірі: _____

Туылған күні: _____

Төмендегі Нысанға қол қоя отырып, сіз осы жоба барысында зерттеушілермен және қоғамдастықпен білім беру мақсатында жасалған кез-келген аудио-жазбаларды, бейне-жазбаларды және/немесе фотосуреттерді, соның ішінде жарияланымдарды, көрмелерді, Интернет-таныстырылымдарды және өзге таныстырылымдарды пайдалануға рұқсатыңызды бересіз.

Өз рұқсатыңызды беру арқылы сіз өзіңіз иемденуіңіз мүмкін болатын, орындауға арналған қандай да бір авторлық құқықтан немесе құқықтардан бас тартпайсыз.

Мен төменде көрсетілген шектеулердің ескерілуімен, жоғарыда сипатталған материалдардың деректерінің пайдаланылуымен келісемін.

Есімі(баспа әріптермен): _____

Қолы: _____

Күні: _____

Зерттеушінің қолы: _____

Күні: _____

Шектеулердің сипаттамасы: _____

СҰХБАТТЫҢ АҚПАРАТТЫҚ НЫСАНЫ

Сұхбаттан өтетін тұлғаның толықаты-жөні: _____

Лақапаты, егер бар болса: _____

Сұхбат күні: _____

Зерттеушінің есімі: _____

Сұхбаттан өтетін тұлғаның мекенжайы: _____

Телефон нөмірі: _____

Электрондық мекенжайы: _____

Туылған күні: _____ Туылған жері: _____

Мәдени тиесілілігі (мәдени білімі, мәдени шығу тегі): _____

Осы қоғамдастықта неше жыл өмір сүруде? _____

Тағы қай жерде тұрған _____

Күйеуінің (әйелінің) және балаларының аты-жөні (егер бар болса): _____

Кәсібі: _____

Машықтары мен қызметінің түрлері: _____

Білімі: _____

Әуестігі, қызығу шылықтары: _____

Өзге ақпарат: _____

СҰХБАТТЫҢ МӘН МӘТІНІ

Сұхбат қайда өткізілді: _____

Күн мезгілі: _____

Дыбыстық жағдайлар (фондық шуыл):

Өзге де қатысқан тұлғалар:

Сұхбат бойынша ескертпелер (негізгі тақырыптар, талқыланатын мәселелер):

Өзге құжаттама (жазбалар, фотосуреттер, газеттердегі мақалалар жәнет.б.):

АУДИО/БЕЙНЕ-ЖАЗБАЛАР БОЙЫНША ТІЗІМДЕМЕ

Сұхбаттан өтетін тұлғаның (тұлғалардың) аты-жөні: _____

Өзге де қатысқан тұлғалар: _____

Зерттеуші: _____

Сүхбат күні: _____

Сүхбат локациясы: _____

Ерекше жағдайлар (шуыл, үзілулер және т.б.): _____

Контенттің жалпы сипаттамасы: _____

Файлдың аты: _____

Файлдың типі:

_____ беттің _____ беті

ТАҚЫРЫП БОЙЫНША АҚПАР

Контент бойынша мүмкіндігінші көбірек ақпарат пен тіркелім нөмірін ұсыныңыз.

Тіркелім №

Контент

[illegible]

**АУДИО/БЕЙНЕ-ЖАЗБАЛАР БОЙЫНША ТІЗІМДЕМЕ
ЖАЛҒАСЫ**

Файлдың аты: _____

[illegible]

МӘДЕНИЕТ МАРКЕРЛЕРІМЕН ЖАТТЫҒУ

Бұл – мәдени сәйкестік пен мұра мәселесінде мойындау мен түсінуге қол жеткізу мүмкін болуы үшін, жеке мәдени мұраға қатысты студенттер мен мұғалімдерге, қарттар үйлеріне, отбасыларға және басқа да қоғамдық топтарға арналған керемет жаттығу.

МАҚСАТЫ:

Біздің жеке мәдени (этникалық, отбасылық, өңірлік) сәйкестігімізде маңызды рөл атқаратын бұйым (нысан, фотография) туралы хабарлау және сәйкестендіру.

ТАПСЫРМА:

Сіздің пікіріңізше, өзіңіздің кім екеніңізді және/немесе қайдан шыққаныңызды анықтауға жәрдемдесуі мүмкін бұйым немесе фотосуреттер туралы ойлаңыз. Бұйымның тағайындалуы туралы кемінде бір бет жазыңыз (мысалы, шаштың бұрымы, атаңыз бен әжеңіздің фотосуреті, әкеңіз пайдаланатын ескі құрал, үйлену той фатасынан қалған шілтер қиығы туралы – сіздің отбасылық түп-тамырыңыздан сыр шертетін мұндай бұйым сіздің өміріңіз бен мәдениетіңізді қалай түсіндіруге қалай көмектеседі?). Осы бұйымның үш минутқа созылатын таныстырылымын жасауға дайын болыңыз (өз сыныбыңызға, бүкіл отбасыңызға, қарттар үйіндегі кездесуде). Егер мүмкін болса, бұл бұйымды өзіңізбен бірге алып келуді жоспарлаңыз. Өзіңіздің мәдени маркеріңізді топта таныстыруға үш минут жұмсаңыз. Одан кейін жаттығу жүргізіңіз, онда қатысушылар жұп-жұпқа бөлінеді де, мәдениет маркерлерін бастапқы нүктелер ретінде пайдалана отырып бір-бірінен кезек-кезек сұхбат алады.

ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ:

Сіз өз сұхбатыңызда жинаған ақпаратты қарап шығыңыз. Сұхбат жүргізуші ретіндегі өз машықтарыңызды қалай жақсартатыныңызды ойланыңыз. Фольклор және ауызша тарих саласында сұхбат жүргізу жөніндегі бойынша Смитсон институтының нұсқаулығындағы ұсынымдар мен ұсыныстарды қараңыз.

АЛҒЫС ЖӘНЕ ҚҰРМЕТ

Осы арқылы келесі тұлғаларға алғыс және құрмет білдіргіміз келеді:

Авторы: Марджори Хант

Баспашы: Карла Борден

Дизайнер: Каролин Броунелл

Веб-дизайн: Melia Design Group, Inc.

Веб-шеберлер: Стефен Кидд, Питер Сейтел, Стефани Смит

Мәдени зерттеулер және білім беру жөніндегі команда: Бетти


Беланус, Оливия Кадавал, Марджори Хант, Диана Ндизэй,

Синтия Видурри, Нилда Виллалта, Чарли Вебер

Тағылымгер/зерттеуші: Дженни София Фачс


Дженни Фочске баға жетпес жәрдемі үшін, Пег Коэтчке, сондай-ақ Фольклорлық және Мәдени Мұра Орталығының Мәдени зерттеулер және білім беру командасының мүшелері – Бетти Беланусқа, Оливия Кадавалға, Диана Ндизэйге, Синтия Видурриге, Нильда Виллалтаға және Чарли Веберге – маңызды үлесі мен идеялары үшін ерекше алғыс білдіреміз. Автор Ами Коткин Уорнерге, Холли Каттинг Бейкерге және Маргарет Йокомға алғыс білдіреді, олардың отбасылық фольклор және сауалнама саласында сұхбат жүргізу жөніндегі нұсқауылығы мен сауалнамасы осы кітапша үшін өте пайдалы болды.

Фольклор және ауызша тарих саласында сұхбат жүргізу бойынша Смитсон институтының нұсқаулығы мына сайтта ұсынылған: www.folklore.si.edu



«[Дәстүрлерді таратушылар] тарихи тізбектегі тірі байланыстырушы тізбектер, тарихтың тірі куәгерлері, ерекше тұрмыс салтын қалыптастырушылар болып табылады. Олардың әрқайсысы жергілікті тарих пен мәдениетті зерттеуге үлес қоса алатын өзінің жарқындығы мен растығы бойынша бірегей болып табылады».

- Барбара Киршенблатт-Джимблетт, фольклоршы



Smithsonian Institution